

KASE АПТАЛЫҒЫ

26 ақпан – 01 наурыз,
2024

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE сауда-саттық, клиринг және есеп айырысуын сауда-саттық өткізілетін күні буюлатын Қытай юані бойынша есеп айырысу регламентін [өзгертті](#).
- KASE 2024 жылдың наурыз айына өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластарының бағалы қағаздарының тізімін [калыптастырды](#).
- KASE Индексін есептеу үшін өкілдік тізімге "Эйр Астана" АҚ [KZ1C00004050](#) (AIRA) жай акциялары енгізілді.
- KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін акциялардың параметрлерін [өзгертті](#).
- KASE ресми тізіміне АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797JQ12](#) (US115_2404) халықаралық облигациялары және Еуразиялық даму банкі [облигацияларының](#) үш шығарылымы енгізілді.
- KASE-де "TAS FINANCE GROUP" МҚҰ ЖШС (TAC ФИНАНС ГРУПП) [KZ2P00010788](#) (MFTSb2) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE сауда-саттық жүйесі мен деректер базасында "Алтын Сапа ALM" ЖШС [KZ2P00009962](#) (ALSPb1) облигацияларының айналыс мерзімі туралы ақпарат және купондарды төлеу мерзімділігі өзгертіліп, олармен сауда-саттық қайта басталды.
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ-на "KEGOC" АҚ [KZ1C00000959](#) (KEGC) жай акциялары бойынша KASE-дегі маркет-мейкер мәртебесін [берілді](#).
- "Haluk Finance" АҚ [US3453708600](#) (F_KZ) Ford Motor Company және [US1912161007](#) (KO_KZ) The Coca-Cola Company жай акциялары бойынша KASE-дегі маркет-мейкер мәртебесіне [ие болды](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 45,1 млн MEUKAM-156 жетінші шығарылымын ([KZKD00001103](#), MUM156_0007), 32,5 млн MEUKAM-132 жетінші шығарылымын ([KZKD00001152](#), MUM132_0007) және 30,0 млн MEUKAM-84 19 шығарылымын ([KZKD00001244](#), MUM084_0019) орналастырды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-ге [KZ2C00010551](#) (KFUSb66) облигацияларын орналастыру арқылы 27,4 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Магистральдық Суағызғысы" ЖШС 2024 жылдың 01 наурызынан бастап тарифтердің қайта қаралғаны туралы [хабарлады](#).
- "Магистральдық Суағызғысы" ЖШС өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммерциялық ұйымдар және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар үшін магистральдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет тарифін 9 %-ға [арттырады](#).
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2023 жылғы өндірістік нәтижелерін [хабарлады](#).
- Kaspi.kz АҚ төртінші тоқсандағы және 2023 жылдағы қаржылық нәтижелерді ағылшын тілінде [хабарлады](#).
- Kaspi.kz АҚ Лондон қор биржасында ADS және GDR листингін жою ниеті туралы ағылшын тілінде хабарлама [берді](#).
- "Bereke Bank" АҚ Fitch Ratings агенттігі банктің ұзақ мерзімді рейтингтерін "Негативті" Rating Watch тізіміне орналастырғаны туралы [хабарлады](#).



01.03.2024		Трендтер (%)	
KASE Индексі	4 834,82	2,5	13,5
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "БАСТ"	7 800,00	15,4	19,1
Advanced Micro Devices, Inc.	205,00	12,6	14,7
АО "Кселл"	2 906,41	11,8	29,8
АО "ForteBank"	4,17	6,9	11,8
PayPal Holdings Inc.	62,60	5,3	1,0
АО "Народный Банк Казахстана"	199,54	4,5	23,9
АО "Банк ЦентрКредит"	1 519,00	3,4	44,5
АО Kaspi.kz	46 661,00	2,6	6,6
AT&T Inc.	16,88	1,1	- 2,5
Intel Corporation	43,60	0,8	- 1,4
Tesla, Inc.	208,50	0,7	- 4,3
АО "ҚазТрансОйл"	833,99	0,5	0,7
AltynGold plc	710,00	-	- 2,6
АО "КЕГОС"	1 495,00	- 0,2	7,4
Bank of America Corporation	33,64	- 0,2	- 1,1
АО "КМ GOLD"	114,77	- 0,2	- 1,0
АО "Қазақтелеком"	35 510,00	- 0,9	3,7
АО "национальная компания "ҚазМұнайГаз"	12 000,00	- 1,6	1,9
Freedom Holding Corp.	78,09	- 2,6	- 6,5
The Coca-Cola Company	61,20	- 2,8	- 1,3
АО "НАК "Қазатомпром"	18 434,40	- 3,3	1,7
Apple Inc.	181,00	- 3,7	- 4,7
Pfizer Inc.	26,66	- 4,1	- 7,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптаның жергілікті нарықтағы ең маңызды оқиғасы 1 наурыздан бастап "Эйр Астана" компаниясының жай акцияларын KASE Индексіне енгізу болды, бұл Қазақстан Республикасының резидент-компанияларының неғұрлым өтімді акцияларының өкілдік тізімінде авиация саласын ұсынуудың тарихтағы бірінші жағдайы болып табылады.

Өткен аптада KASE Индексі кезекті тарихи максимумға жетіп, қазірдің өзінде 4 800 тармақтан асып түсті. Аптаның қорытындысы бойынша Индекс 4 834,82 тармақ белгісінде жабылып, 2,5 %-ға артты.

KASE Индексінің өсу көшбасшысы Kcell жай акциялары болды, олар бір апта ішінде бағасы 11,8 %-ға өсті. Қазақтелеком байланыс саласының басқа өкілінің акциялары 0,9 %-ға аздап төмендеді. Жасыл аймақта өкілдік тізімдегі бес компанияның акциялары болды: Халық Банкі 4,5 %-ға, ЦентрКредит Банкі 3,4 %-ға, ҚазТрансОйл 0,5 %-ға және Kaspi.kz 2,6 %-ға өсті.

Kaspi.kz 25 наурыздан кешіктірмей Лондон қор биржасынан американдық депозитарлық акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттардың делистингін өткізу ниеті туралы жариялады, себебі сауда-саттық көлемі төмен, шығындар мен әкімшілік жүктеме тым жоғары. Аудиттелмеген жылдық есептілікке сәйкес Kaspi.kz компанияның кірісі 51 %-ға, таза пайда 44 %-ға өсті. Компанияның Директорлар кеңесі акционерлерге бір акция үшін 850 теңге көлемінде дивидендтер төлеуді ұсынды. Акционерлердің жалпы жиналысы 2024 жылдың 8 сәуіріне жоспарланған.

Әлемдік шикізат нарықтарындағы тыныштық жағдайында шикізат секторының акциялары әлсіз динамиканы көрсетеді. Бұл ОПЕК+ - тің ағымдағы жылдың соңына дейін созылуы мүмкін екінші тоқсандағы мұнай өндірудің қосымша қысқартуларын ұзарту туралы шешіміне байланысты, бұл мұнай бағасына және шикізат секторы компанияларының акцияларына қосымша қысым жасайды. Сонымен қатар, талдаушылардың ақпан айындағы сауалнамасы 2024 жылы мұнайдың орташа бағасы бойынша күтуді көрсетті: Brent – \$81 және WTI – \$76.54, бұл тауарлар нарығындағы көңіл-күйге де әсер етеді.

ҚазМұнайГаз акцияларының бағасы 2 %-ға төмендеді. Сонымен қатар, ҚазТрансОйл акциялары 0,5 % бағаға шамалы өсті. Қазмұнайгаздың 2023 жылдағы өндірістік нәтижелеріне сәйкес ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген және ықтимал қорлары 3,7 %-ға ұлғайып, 733 млн тоннаны құрады; мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі – 7 %-ға, 23,5 млн тоннаға дейін; мұнай тасымалдау көлемі – 7,6%-ға, 80,4 млн тоннаға дейін.

Аптаның аутсайдері Қазатомнеркәсіптің акциялары болды, олар уран бағасының 7 %-ға төмендеуінен кейін бағасы 2,1%-ға төмендеді.


Өткен аптада KASE Global бағалы қағаздарының секторы көп бағытты динамиканы бастан өткерді. Тұтастай алғанда, нарық қозғалысына бірнеше компаниялардың есеп берулерін жариялауы мен жағымды жаңалықтардың таралуы, сондай-ақ макроэкономикалық деректердің шығуы әсер етті. АҚШ-тың экономикалық талдау бюросы 2023 жылдың төртінші тоқсанындағы ЖІӨ-нің жылдық өсімі туралы мәліметтерді ұсынды, бұл Америка экономикасының жағдайы мен оның тұрақтылық дәрежесі туралы түсінік береді. Есепке сәйкес, өсім 3,2 % құрады, ал болжанған деңгейі 3,3 % болатын. ЖІӨ көрсеткіштеріне қарамастан, АҚШ-тың қор индекстері оң динамиканы көрсетті. Аптаның қорытындысы бойынша S&P және Nasdaq сәйкесінше 0,15 % және 0,59 % қосты.



KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде сауда жасай отырып, жылдық 14,41% - дан 14,11%-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен сауда жасай отырып жылдық 10,36% - дан 11,05%-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Репо-1д Свop-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі

01.03.2024 (KZT Yield) 29.12.2023 30.12.2022





Ақпан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 0,6 % - ға, бір АҚШ доллары үшін 450,65 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 172 млн АҚШ долларынан 187 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Ақпан айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 609 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 16 % құрады және күніне 29 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк ақпан айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 400 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 10 % құрады.


Ақпан айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың наурызында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 700 млн АҚШ долларынан 800 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

2024 жылдың наурыз айында ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 450 млн АҚШ долларынан 500 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	569,56	0,03	0,43	2,52
— USDKZT	451,03	0,26	0,54	-2,60
— EURKZT	487,47	0,17	0,78	-0,80
— CNYKZT	62,66	0,26	0,32	-6,14
— RUBKZT	4,94	2,28	-1,19	-22,71

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	5 137,08	0,9	6,0	29,0	0,9
Dow Jones	39 087,38	-0,1	2,5	18,4	-0,1
PTC	1 122,32	5,4	-0,3	19,1	5,0
MMBБ	3 266,66	#НД	1,6	44,9	5,0
Hang Seng	16 589,44	-0,8	7,1	-18,8	-1,0
SS CSI 300	3 537,80	1,4	10,0	-14,1	1,5
Euro Stoxx 50	4 894,86	0,5	5,3	15,4	0,3
FTSEuroFirst	5 321,50	0,0	2,7	9,1	0,1
FTSE 100	7 682,50	-0,3	0,7	-3,3	-0,3
KASE	4 834,82	2,5	13,5	45,8	

Шикізат нарығы

01.03.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,55	2,4	2,3	-1,4
Мұнай (WTI)	79,97	4,5	5,4	2,3
Табиғи газ	1,84	14,5	-12,6	-33,6
Мыс	385,50	-0,6	-1,3	-5,6
Темір	961,50	-0,6	-8,8	0,3
Алтын	2 082,92	2,3	2,1	13,6
Күміс	23,15	0,7	-0,1	11,5
Астық	560,00	-2,4	-5,9	-20,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
05.03 <u>Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</u>	USD	51,3	52,5
06.03 <u>Көктемгі бюджет болжамы</u>	GBP		
06.03 <u>ADP пікірінше ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыс істейтіндер санының өзгеруі (ақпан)</u>	USD	145K	107K
06.03 <u>ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі</u>	USD		
06.03 <u>JOLTS еңбек нарығындағы ашық бос жұмыс орындарының саны (қаңтар)</u>	USD	8,895M	9,026M
07.03 <u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)</u>	EUR	4,50%	4,50%
08.03 <u>Жұмыссыздық деңгейі (ақпан)</u>	USD	3,7%	3,7%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	9,3%	01.03.24	9,5%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,0	01.01.24	34,2
Ақша базасы, млрд KZT	11 540,0	01.01.24	10 126,5
Ақша масса, млрд KZT	38 302,2	01.01.24	35 674,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
	Вaa2/позитивті	27.10.23	Вaa2/тұрақты
	BBB/тұрақты	17.11.23	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.